**Тау-кен металлургия өнеркәсібі саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 5 мамырдағы № 269 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 11 мамырда № 20611 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10 -бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2023 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы ( орынсыздығы) және мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары;

2) Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары;

3) Осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Экспорты лицензияның негізінде ( лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдары қоспағанда), бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде мемлекеттік бақылау және құнын бағалау актісін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары;

4) Осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Экспорты лицензияның негізінде ( лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда) бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде мемлекеттік бақылау актісін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары;

5) Осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Минералдық шикізатты кедендік аумақтан тыс қайта өңдеу рәсіміне орналастыруға қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Индустрия және инфрақұрылымдық даму* *К. Ускенбаев*
*Министрінің міндетін атқарушы*

**"КЕЛІСІЛДІ"**
**Қазақстан Республикасы**
**Цифрлық даму, инновациялар**
**және аэроғарыш өнеркәсібі**
**министрлігі**

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2020 жылғы 5 мамырдағы
№ 269 бұйрығына
1-қосымша

## Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы (орынсыздығы) және мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету Қағидасі

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы (орынсыздығы) және мүмкіндігі ( мүмкін еместігі) туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары ( бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы (орынсыздығы) және мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды беру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2023 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы (орынсыздығы) және мүмкіндігі ( мүмкін еместігі) туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады және осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар мемлекеттік тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі-портал) арқылы мыналарды:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті;

2) құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын өндіру субъектілері үшін - жер қойнауын пайдалану құқығына келісімшарттың электрондық көшірмесі. Бұл ретте, егер құжаттың электрондық көшірмесі бұрын ұсынылған жағдайда, құжаттың электрондық көшірмесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшартты ұсыну талап етілмейді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларымен операцияларды жүзеге асыруға құқығы бар басқа да ұйымдар - тауарларды иелену (сатып алу) заңдылығын растайтын электрондық құжат көшірмесі немесе делдалдық шарт;

4) сыртқы сауда электрондық шартың (келісімшартың) көшірмесі, оған мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріндегі қосымшалар және (немесе) толықтырулар, ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда - тараптардың ниетін растайтын өзге де электрондық құжат көшірмесі. Егер келісімшарт (шарт, келісім) мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде болмаған жағдайда, электрондық келісімшарт (шарт, келісім)

көшірмеге көрсетілетін қызметті алушы бекіткен және куәландырған аудармасы (көрсетілетін қызметті алушының лауазымы мен күнін, қолы мен мөрімен (болған жағдайда) қоса беріледі;

5) аккредиттелген сынақ зертханасы берген, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларындағы барлық бағалы металдардың үлестік құрамы туралы мәліметтер көрсетілуге тиіс бағалы металдардың және ілеспе алынатын металдардың құрамы туралы электрондық құжат көшірмесі;

6) бағалы металдар өндірісінің барлық субъектілерінен тауарларды қайта өңдеуден және (немесе) аффинаждаудан бас тарту немесе уәкілетті орган бекіткен тәртіппен алынған осындай бас тартудың болуы туралы уәкілетті органның электрондық растау көшірмесін жолдайды.

4. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, ақпарат объектілерінің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі нысанында осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Құжаттарды қараудың және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін берудің жалпы мерзімі 3 (үш) жұмыс күнін құрайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады және орындаушы тағайындалатын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Орындаушы көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және оларда көрсетілген мәліметтерді "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" Еуразиялық экономикалық комиссияның 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімінің 14-қосымшасына, "Бағалы металдар мен асыл тастар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 29 қазандағы № 375 (тіркелген нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35297) бұйрығымен бекітілген Бағалы металдарды және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидаларына сәйкес тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау немесе мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтердің болмау фактісі анықталған жағдайда осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және оны көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жібереді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда жауапты орындаушы ұсынылған құжаттардың толықтығын және мәліметтерді тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін - осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі) және экономикалық орындылығы (орынсыздығы) туралы қорытындыны (бұдан әрі - қорытынды) береді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін - осы Қағидаларға 3 немесе 4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша

қорытындыны немесе Мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды береді және оны көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жібереді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер осы Қағидаларға 2-қосымшада жазылған.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі және сақталады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер Мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

## 3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға береді.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей шағым жасалған лауазымды адам оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағымды қарайтын органға, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы шешім қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын іс-әрекет жасаса, шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда ( шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

12. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасында
шикізат тауарларынан бағалы
металдарды өнеркәсіптік алудың
экономикалық орындылығы
(орынсыздығы) және мүмкіндігі
(мүмкін еместігі) туралы
қорытынды беру" мемлекеттік
қызмет көрсету қағидаларына
1-қосымша
нысан

______________________________
(мемлекеттік органның толық атауы)

______________________________
(өтініш берушінің толық атауы)
Мекен-жайы _______________
(индекс, қала, аудан, облыс,
көше, үйдің №, телефон)
Өтініш берушінің
деректемелері_______
(БСН, ЖСН)

Күні: Нөмірі:

**Өтініш**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы (орынсыздығы) және мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды беруіңізді сұраймын.

СЭҚ ТН коды

Тауардың атауы

Саны

Өлшем бірлігі

Ұсынылатын құжаттар тізбесі:___________________________________

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

"Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы (орынсыздығы) және мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| "Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы (орынсыздығы) және мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі | | |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті. |
| 2 | Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері | "Электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал). |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 3 (үш) жұмыс күні. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық түрде ішінара автоматтандырылған). |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі) және экономикалық орындылығы ( орынсыздығы) туралы қорытынды не дәлелді бас тарту.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында жолданады және сақталады. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін. |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;<br>2) портал-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті |

| | | |
|---|---|---|
| | | алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті;<br>2) құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын өндіру субъектілері үшін – жер қойнауын пайдалану құқығына келісімшарттың электрондық көшірмесін. Бұл ретте, егер құжаттың электрондық көшірмесін бұрын ұсынылған жағдайда, құжаттың электрондық көшірмесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшартты ұсыну талап етілмейді;<br>3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларымен операцияларды жүзеге асыруға құқығы бар басқа да ұйымдар – тауарларды иелену ( сатып алу) заңдылығын растайтын электрондық құжат көшірмесін немесе делдалдық шартын;<br>4) сыртқы сауда электрондық шартың (келісімшартың) көшірмесі, оған мемлекеттік және/ немесе орыс тілдеріндегі қосымшалар және (немесе) толықтырулар, ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда – тараптардың ниетін растайтын өзге де электрондық құжат көшірмесін.<br>Егер келісімшарт (шарт, келісім) мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде болмаған жағдайда, электрондық келісімшарт (шарт, келісім) көшірмеге көрсетілетін қызметті алушы бекіткен және |

| | | |
|---|---|---|
| | | куәландырған аудармасы ( көрсетілетін қызметті алушының лауазымы мен күнін, қолы мен мөрі (болған кезде) қоса беріледі;<br>5) аккредиттелген сынақ зертханасы берген, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларындағы барлық бағалы металдардың үлестік құрамы туралы мәліметтер көрсетілуге тиіс бағалы металдардың және ілеспе алынатын металдардың құрамы туралы электрондық құжат көшірмесін;<br>6) бағалы металдар өндірісінің барлық субъектілерінен тауарларды қайта өңдеуден және ( немесе) аффинаждаудан бас тарту немесе уәкілетті орган бекіткен тәртіппен алынған осындай бас тартудың болуы туралы уәкілетті органның электрондық растау көшірмесін ұсынады.<br>Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңында белгіленген негіздерді қамтитын, | 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы мәліметтердің ( мәліметтердің) дәл еместігін анықтаудан;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуінен;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуынан; |

| | | |
|---|---|---|
| | мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі | 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы;<br>5) ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растамауы және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді пайдалануға келісім бермеуі бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы электронды түрде алуға мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызметтерді көрсету орындарының мекенжайы мына жерде орналастырылған:<br>1) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсы – www.gov.kz/memleket/entities/mps, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;<br>2) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсы – www.gov.kz/memleket/entities/comprom, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;<br>3) www.egov.kz, www.elicense.kz порталы.<br>Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін бірыңғай байланыс орталығының телефон нөмірі: 1414, 8-800-080-7777. |

Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы (орынсыздығы) және мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
3-қосымша
нысан

| |
|---|
| **[УО атауы [УО атауы** |

**(мемлекеттік тілде)] орыс тілінде)]**

**[УО деректемелері [УО деректемелері**
**Мемлекеттік тілде] орыс тілде**
**Нөмірі] [Берілген күні]**
**ДӘЛЕЛДІ БАС ТАРТУ**
**[Уәкілетті органның атауы] [күні] [өтініш нөмірі] Сіздің өтінішіңізді қарап келесіні хабарлайды:**
**[Хат мәтіні] [Қол қоюшының лауазымы] [қол қоюшының тегі, аты, әкесінің**
**аты (болған кезде)]**

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қазақстан Республикасында
шикізат тауарларынан бағалы
металдарды өнеркәсіптік алудың
экономикалық орындылығы
(орынсыздығы) және
мүмкіндігі (мүмкін еместігі)
туралы қорытынды беру"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
4-қосымша
нысан

**УО атауы мемлекеттік тілінде [УО атауы орыс тілінде**

Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы (орынсыздығы) және мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды
№ ____/_____201 /_________

___________________________________________________________________________

(қорытындыны беретін мемлекеттік органның атауы)

___________________________________________________________________________

(заңды тұлғалар үшін толық ресми атауы және заңды мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке тұлғалар үшін тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда) (бұдан әрі-Т.А.Ә), жеке басын куәландыратын

құжаттың деректері, тұрғылықты жері) ______________________________

Берілді Өткізу түрі ______________________________
(өткізу түрі)

______________________________

(бірыңғай тізбе бөлімі) (Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды (бұдан әрі - ЕЭАҚ СЭҚ ТН коды *)
Тауар атауы Саны Өлшем бірлігі
Алушы/жіберуші ______________________________
(атауы, заңды мекенжайы,елі)

______________________________

Межелі ел/жіберуші ел ______________________________
Әкелу (әкету) мақсаты______________________________
Уақытша әкелу (әкету) мерзімі: ______________________________
Негізі: ______________________________
Қосымша ақпарат ______________________________
Транзит елі ______________________________
(аумақ бойынша транзит)
Қолы_________ Күні________
Қорытынды________________ қолданыста болады
Берілген күні: [Берілген күні] ж.
**[Қол қоюшының лауазымы] [қол қоюшының Т.А.Ә.]**

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2020 жылғы 5 мамырдағы
№ 269 бұйрығына
2-қосымша

## "Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі -

Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды беру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2023 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Қазақстан Республикасының аумағында қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады және осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар мемлекеттік тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге www.egov.kz " электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жолдайды:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті;

2) құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын өндіру субъектілері үшін - жер қойнауын пайдалану құқығына келісімшарттың электрондық көшірмесі. Бұл ретте, егер құжаттың электрондық көшірмесі бұрын ұсынылған жағдайда, құжаттың электрондық көшірмесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшартты ұсыну талап етілмейді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларымен операцияларды жүзеге асыруға құқығы бар басқа да ұйымдар - тауарларды иелену (сатып алу) заңдылығын растайтын электрондық құжат көшірмесі немесе делдалдық шарт;

4) сыртқы сауда электрондық шартың (келісімшартың) көшірмесі, оған мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріндегі қосымшалар және (немесе) толықтырулар, ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда - тараптардың ниетін растайтын өзге де электрондық құжат көшірмесі. Егер келісімшарт (шарт, келісім) мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде болмаған жағдайда, электрондық келісімшарт (шарт, келісім) көшірмеге көрсетілетін қызметті алушы бекіткен және куәландырған аудармасы (көрсетілетін қызметті алушының лауазымы мен күнін, қолы мен мөрімен (болған жағдайда) қоса беріледі;

5) аккредиттелген сынақ зертханасы берген, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларындағы барлық бағалы металдардың үлестік құрамы туралы мәліметтер көрсетілуге тиіс бағалы металдардың және ілеспе алынатын металдардың құрамы туралы электрондық құжат көшірмесі;

6) бағалы металдар өндірісінің барлық субъектілерінен тауарларды қайта өңдеуден және (немесе) аффинаждаудан бас тарту немесе уәкілетті орган бекіткен тәртіппен алынған осындай бас тартудың болуы туралы уәкілетті органның электрондық растау көшірмесін жолдайды.

4. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, ақпарат объектілерінің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі нысанында осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Құжаттарды қараудың және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін берудің жалпы мерзімі 3 (үш) жұмыс күнін құрайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады және орындаушы тағайындалатын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Орындаушы көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және оларда көрсетілген мәліметтерді "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" Еуразиялық экономикалық комиссияның 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімінің 14-қосымшасына, "Бағалы металдар мен асыл тастар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 29 қазандағы № 375 (тіркелген нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35297) бұйрығымен бекітілген Бағалы металдарды және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидаларына сәйкес тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау немесе мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтердің болмау фактісі анықталған жағдайда осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және оны көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жібереді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда жауапты орындаушы ұсынылған құжаттардың толықтығын және мәліметтерді тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін - осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды (бұдан әрі - қорытынды) береді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу

уақыты мен орны (тәсілі) туралы алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін - осы Қағидаларға 3 немесе 4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша қорытындыны немесе Мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды береді және оны көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жібереді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер осы Қағидаларға 2-қосымшада жазылған.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі және сақталады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер Мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

### 3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға береді.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей шағым жасалған лауазымды адам оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағымды қарайтын органға, егер ол 3 (үш)

жұмыс күні ішінде қолайлы шешім қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын іс-әрекет жасаса, шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда ( шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

12. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
1-қосымша
нысан

___________________________

(мемлекеттік органның толық атауы)

___________________________

(өтініш берушінің толық атауы)
Мекен-жайы ______________
(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон)
Өтініш берушінің деректемелері_______

(БСН, ЖСН)

Күні: Нөмірі:

**Өтініш**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды беруіңізді сұраймын.

СЭҚ ТН коды

Тауардың атауы

Саны

Өлшем бірлігі

Ұсынылатын құжаттар тізбесі:______________________________________

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

"Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы

қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| "Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті. |
| 2 | Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері | "Электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал). |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 3 (үш) жұмыс күні. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық түрде (толықтай автоматтандырылған). |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында жолданады және сақталады. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін. |
| | | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;<br>2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініштің электрондық көшірмесін ;<br>2) құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын өндіру субъектілері үшін – жер қойнауын пайдалану құқығына келісімшарттың электрондық көшірмесін. Бұл ретте, егер құжаттың электрондық көшірмесі бұрын ұсынылған жағдайда, құжаттың электрондық көшірмесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшартты ұсыну талап етілмейді;<br>3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларымен операцияларды жүзеге асыруға құқығы бар басқа да ұйымдар – тауарларды иелену ( сатып алу) заңдылығын растайтын электрондық құжат көшірмесі немесе делдалдық шартын;<br>4) сыртқы сауда электрондық шартың (келісімшартың) көшірмесі, оған мемлекеттік және/ немесе орыс тілдеріндегі |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | қосымшалар және (немесе) толықтырулар, ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда – тараптардың ниетін растайтын өзге де электрондық құжат көшірмесін.<br>Егер келісімшарт (шарт, келісім) мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде болмаған жағдайда, электрондық келісімшарт (шарт, келісім) көшірмеге көрсетілетін қызметті алушы бекіткен және куәландырған аудармасыу ( көрсетілетін қызметті алушының лауазымы мен күнін, қолы мен мөрі (болған кезде) қоса беріледі);<br>5) аккредиттелген сынақ зертханасы берген, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларындағы барлық бағалы металдардың үлестік құрамы туралы мәліметтер көрсетілуге тиіс бағалы металдардың және ілеспе алынатын металдардың құрамы туралы электрондық құжат көшірмесін;<br>6) бағалы металдар өндірісінің барлық субъектілерінен тауарларды қайта өңдеуден және ( немесе) аффинаждаудан бас тарту немесе уәкілетті орган бекіткен тәртіппен алынған осындай бас тартудың болуы туралы уәкілетті органның электрондық растау көшірмесін ұсынады.<br>Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады. |
| | | 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы мәліметтердің ( мәліметтердің) дәл еместігін анықтаудан;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректердің |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі | және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуінен;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуынан;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы;<br>5) ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растамауы және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді пайдалануға келісім бермеуі бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы электронды түрде алуға мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызметтерді көрсету орындарының мекенжайы мына жерде орналастырылған:<br>1) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсы – www.gov.kz/memleket/entities/mps, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;<br>2) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсы – www.gov.kz/memleket/entities/comprom, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;<br>3) www.egov.kz, www.elicense.kz порталы.<br>Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін бірыңғай байланыс орталығының телефон нөмірі: 1414, 8-800-080-7777. |

Қазақстан Республикасында
шикізат тауарларынан бағалы
металдарды өнеркәсіптік алудың
экономикалық орындылығы
(орынсыздығы) және мүмкіндігі
(мүмкін еместігі) туралы
қорытынды
беру" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
3-қосымша
нысан

**[УО атауы [УО атауы**
**(мемлекеттік тілде)] орыс тілінде)]**

**[УО деректемелері [УО деректемелері**
**Мемлекеттік тілде] орыс тілде**
**Нөмірі] [Берілген күні]**
**ДӘЛЕЛДІ БАС ТАРТУ**
**[Уәкілетті органның атауы] [күні] [өтініш нөмірі] Сіздің өтінішіңізді қарап келесіні хабарлайды:**
**[Хат мәтіні]**
**[Қол қоюшының лауазымы] [қол қоюшының тегі, аты, әкесінің**
**аты (болған кезде)]**

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қазақстан Республикасында
шикізат тауарларынан бағалы
металдарды өнеркәсіптік алудың
экономикалық орындылығы
(орынсыздығы) және мүмкіндігі
(мүмкін еместігі) туралы
қорытынды
беру" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
4-қосымша
нысан

**УО атауы мемлекеттік тілінде [УО атауы орыс тілінде]**

Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы (орынсыздығы) және мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды

№ ____/_____201 /_________

________________________________________________________________________________

(қорытындыны беретін мемлекеттік органның атауы)

________________________________________________________________________________

(заңды тұлғалар үшін толық ресми атауы және заңды мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке тұлғалар үшін тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда) (бұдан әрі-Т.А.Ә), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, тұрғылықты жері)

________________________________________________________________________________

Берілді Өткізу түрі

________________________________________________________________________________

(өткізу түрі)

________________________________________________________________________________

(бірыңғай тізбе бөлімі) (Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды (бұдан әрі - ЕЭАҚ СЭҚ ТН коды *)

Тауар атауы Саны Өлшем бірлігі

Алушы/жіберуші

________________________________________________________________________________

(атауы, заңды мекенжайы, елі)

________________________________________________________________________________

Межелі ел/жіберуші ел ____________________________________________________________

Әкелу (әкету) мақсаты______________________________________________________________

Уақытша әкелу (әкету) мерзімі: _____________________________________________________

Негізі:_____________________________________________________________________________

Қосымша ақпарат __________________________________________________________________

Транзит елі ________________________________________________________________________

(аумақ бойынша транзит)

Қолы_________ Күні________

Қорытынды_________________ қолданыста болады

Берілген күні: [Берілген күні] ж.

**[Қол қоюшының лауазымы] [қол қоюшының Т.А.Ә.]**

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің

2020 жылғы 5 мамырдағы
№ 269 бұйрығына
3-қосымша

**"Экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды ( олардан жасалған бұйымдары қоспағанда), бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде мемлекеттік бақылау және құнын бағалау актісін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Экспорты лицензиялар негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда), бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде мемлекеттік бақылау және құнын бағалау актісін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерге экспорты лицензиялар негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда), бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын әкету кезінде мемлекеттік бақылау және құнын бағалау актісін беру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2023 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Экспорты лицензиялар негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда), бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде мемлекеттік бақылау және құнын бағалау актісін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады және осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар мемлекеттік тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген

өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті;

2) Еуразиялық экономикалық комиссияның шешіміне сәйкес электрондық құжаттар көсірмесін;

3) қызмет түріне электрондық хабарлама көшірмесін;

4) тауарларды иелену (сатып алу) заңдылығын растайтын электрондық құжаттың ( құжаттар) көшірмесін немесе делдалдық шарттың көшірмесін;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы металдардағы активтерді толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алуға басым құқықты іске асырудан бас тартқанын растайтын электрондық құжаттың көшірмесін (тазартылған алтын әкетілген жағдайда);

6) құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларындағы барлық бағалы металдардың үлестік құрамы туралы мәліметтер көрсетілуге тиіс бағалы металдардың және ілеспе алынатын металдардың құрамы туралы аккредиттелген сынақ зертханасы берген электрондық құжаттың көшірмесін;

7) әкетуге электрондық қорытындының көшірмесін (тауарды әкеткен жағдайда);

8) қайта өңдеуге электрондық қорытындының көшірмесін (тауарды қайта өңдеуге әкеткен жағдайда) жолдайды.

4. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, ақпарат объектілерінің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, Мемлекеттік қызмет

көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі нысанында осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Құжаттарды караудың және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін берудің жалпы мерзімі 3 (үш) жұмыс күнін құрайды, ал осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген жағдайда – бақылау сынақтарының нәтижелерін алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде ресімделеді және өтініш берушіге беріледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады және орындаушы тағайындалатын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Орындаушы көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және оларда көрсетілген мәліметтерді "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" Еуразиялық экономикалық комиссияның 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімінің 14-қосымшасына, "Бағалы металдар мен асыл тастар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 29 қазандағы № 375 (тіркелген нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35297) бұйрығымен бекітілген Бағалы металдарды және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидаларына сәйкес тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау немесе мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтердің болмау фактісі анықталған жағдайда осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды

дайындайды және оны көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жібереді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда жауапты орындаушы ұсынылған құжаттардың толықтығын және мәліметтерді тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін - осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдары қоспағанда), бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде мемлекеттік бақылау және құнын бағалау актісін (бұдан әрі – акт) береді.

Әкетілуге ұсынылған бағалы металдардың және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауардың қамтылуы туралы құжаттар келісімшарттың және бағалы металдардың құрамы мен қамтылуы жөніндегі нормативтік техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес еместігі анықталған кезде уәкілетті орган өтінімді әкетілетін бағалы металдардың және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауардың сынамаларына бақылау сынақтарын жүзеге асыру үшін орталыққа жібереді. Осы мақсатта өтініш беруші әкетілетін бағалы металдардың және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауардың әрбір партиясын әкету кезінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 294 (тіркелген нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13636) бұйрығымен бекітілген сынамаларды іріктеу туралы актіні ресімдеу қағидаларында және нысанда сынамаларды іріктеу туралы актіні жасай отырып, бір сынама алады. Уәкілетті органның жазбаша нұсқауы бойынша өтініш беруші алдын ала жасалған шартқа сәйкес Орталыққа бақылау сынағы үшін іріктелген сынаманы және сынаманы іріктеу туралы актіні жеткізеді. Бағалы металдардың құрамы мен қамтылуы бойынша бақылау сынақтары орталыққа сынама тапсырылған сәттен бастап күнтізбелік 15 күннен аспайтын мерзімде өткізіледі. Сынамаларды бақылау сынақтарының нәтижелері аяқталғаннан кейін Орталық алынған нәтижелерді уәкілетті органға 2 жұмыс күні ішінде жібереді.

Сынамалардың бақылау сынақтарының нәтижелері бойынша шарт талаптарына және бағалы металдардың құрамы мен қамтылуы жөніндегі нормативтік техникалық құжаттамаға ұсынылған әкетіленетін тауарлардың құрамындағы бағалы металдардың құрамы туралы құжаттардың сәйкессіздігі анықталса мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер осы Қағидаларға 2-қосымшада жазылған. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі және сақталады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

## 3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға береді.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей шағым жасалған лауазымды адам оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағымды қарайтын органға, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы шешім қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын іс-әрекет жасаса, шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін

күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда ( шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

12. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдары қоспағанда), бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде мемлекеттік бақылау және құнын бағалау актісін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
1-қосымша
Нысан

_____________________________
(мемлекеттік органның толық атауы)

_____________________________
(өтініш берушінің толық атауы)
Мекен-жайы _______________
(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон)
Өтініш берушінің деректемелері______
(БСН, ЖСН)

Күні: Нөмірі:

**Өтініш**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сізден _______________ жылғы №____ келісімшарт негізінде Қазақстан Республикасынан әкетілетін аффинирленген бағалы металдарға, бағалы металдарға, бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарына мемлекеттік бақылау жүргізуді сұраймын.

Тауардың атауы __________________________________

СЭҚ ТН коды____________________________________

Тауардың салмағы граммен/данамен: ________________________________

Келісімшарт құны:_____________________________

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

"Экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдары қоспағанда), бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде мемлекеттік бақылау және құнын бағалау актісін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| "Экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдары қоспағанда), бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Кеден одағына кірмейтін елдерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде мемлекеттік бақылау және құнын бағалау актісін беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті. |
| 2 | Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері | "Электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал). |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 3 (үш) жұмыс күні, осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген жағдайда – бақылау сынақтарының нәтижелерін алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде ресімделеді және өтініш берушіге беріледі. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық түрде (толықтай автоматтандырылған). |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Экспорты лицензиялар негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда), бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде мемлекеттік бақылау және құнын бағалау актісі не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында жолданады және сақталады. |
| | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті | |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін. |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;<br>2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметі алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініштің электрондық көшірмесін;<br>2) экспорттауға арналған лицензияның электрондық көшірмесін (осы тауарларды экспорттың кедендік рәсімімен одан әрі орналастырған жағдайда лицензияның көшірмесі ұсынылады);<br>3) сыртқы сауда шартының ( келісімшарттың), оған қосымшаның және (немесе) толықтырудың мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріндегі, ал сыртқы сауда шарты ( келісімшарты) болмаған жағдайда – тараптардың ниеттерін растайтын өзге құжаттың |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріндегі электрондық көшірмесін.<br>Егер сыртқы сауда шарты ( келісімшарты) немесе тараптардың ниеттерін растайтын өзге құжаттың мемлекеттік және/ немесе орыс тілінде жоқ болса, онда шарттың (келісімшарттың) немесе тараптардың ниеттерін растайтын өзге құжаттың көшірмесіне өтініш беруші бекіткен және растаған мемлекеттік және/немесе орыс тілінде аудармасын (өтініш берушінің лауазымы және күні, қолы мен мөрі (болған кезде)) қоса беріледі;<br>4) толық ассортиментін (атауы, таңбалануы, артикулы, партия нөмірі, саны мен массасын көрсете отырып, бағалы металдарға және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларға арналған ерекшеліктің электрондық көшірмесін;<br>5) әкетілетін бағалы металдармен және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауардың құнын растау үшін пайдаланылатын шот-фактураның немесе инвойстың немесе өзге де құжаттың электрондық көшірмесін;<br>6) бағалы металдардың құнының есебінің электрондық көшірмесін;<br>7) аффинирленген бағалы металдарды, бағалы металдар мен асыл тастарды, зергерлік және басқа да бұйымдарды, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламасының электрондық көшірмесін;<br>8) құрамында бағалы металдары бар шикізат тауарларын өндіру субъектілері үшін-жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшарттың электрондық | |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | көшірмесін (бұл ретте, егер мұндай құжатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайларды қоспағанда, мұндай құжаттың көшірмесін бұрын ұсынылған жағдайда, жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшартты ұсыну талап етілмейді);<br>9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы металдармен операцияларды жүзеге асыруға құқығы бар ұйымдар үшін - әкетілетін тауарларға меншік құқығын не тараптардың тауарларды сатып алу туралы ниетін растайтын құжатың электрондық көшірмесін;<br>10) бағалы металдардың және ілеспе алынатын металдардың құрамы туралы аккредиттелген сынақ зертханасы берген құжаттың электрондық көшірмесін, онда құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларындағы барлық бағалы металдардың үлестік құрамы туралы көрсетілуге тиіс мәліметтерін;<br>11) әкетілетін бағалы металдардың нормативтік техникалық және (немесе) техникалық құжаттарының электрондық көшірмесін;<br>12) Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың экономикалық орындылығы ( орынсыздығы) және мүмкіндігі ( мүмкін еместігі) туралы қорытындының электрондық көшірмесін (тауар әкетілген жағдайда);<br>13) Құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Қазақстан Республикасының аумағында қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытындының электрондық көшірмесін (тауарды қайта өңдеуге әкеткен жағдайда) ұсынады;<br>Әкетілетін аффинирленген бағалы металдың әрбір партиясына |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | мемлекеттік бақылау актісін алу үшін өтініш беруші уәкілетті органға мынадай құжаттарды:<br>1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметі алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініштің электрондық көшірмесін;<br>2) экспорттауға арналған лицензияның электрондық көшірмесін (осы аффинирленген бағалы металдарды экспорттың кедендік рәсімімен одан әрі орналастырған жағдайда лицензияның көшірмесі ұсынылады);<br>3) сыртқы сауда шартының ( келісімшарттың), оған қосымшаның және (немесе) толықтырудың мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріндегі, ал сыртқы сауда шарты ( келісімшарты) болмаған жағдайда – тараптардың ниеттерін растайтын өзге құжаттың мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріндегі электрондық көшірмесін.<br>Егер сыртқы сауда шарты ( келісімшарты) немесе тараптардың ниеттерін растайтын өзге құжаттың мемлекеттік және/немесе орыс тілінде жоқ болса, онда шарттың (келісімшарттың) немесе тараптардың ниеттерін растайтын өзге құжаттың көшірмесіне өтініш беруші бекіткен және растаған мемлекеттік және/немесе орыс тілінде аудармасын (өтініш берушінің лауазымы және күні, қолы мен мөрі (болған кезде)) қоса беріледі;<br>4) толық ассортиментін (атауы, таңбалануы, артикулы, партия нөмірі), саны мен массасын көрсете отырып, аффинирленген бағалы металдарға арналған ерекшеліктің электрондық көшірмесін; | |

| | | |
|---|---|---|
| | | 5) әкетілетін аффинирленген бағалы металдардың құнын растау үшін пайдаланылатын шот-фактураның немесе инвойстың немесе өзге де құжаттың электрондық көшірмесін;<br>6) аффинирленген бағалы металдардың құнының есебінің электрондық көшірмесін;<br>7) аффинирленген бағалы металдарды, бағалы металдар мен асыл тастарды, зергерлік және басқа да бұйымдарды, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламасының электрондық көшірмесін;<br>8) құрамында бағалы металдары бар шикізат тауарларын өндіру субъектілері үшін-жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшарттың электрондық көшірмесін (бұл ретте, егер мұндай құжатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайларды қоспағанда, мұндай құжаттың көшірмесін бұрын ұсынылған жағдайда, жер қойнауын пайдалану құқығына арналған келісімшартты ұсыну талап етілмейді);<br>9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы металдармен операцияларды жүзеге асыруға құқығы бар ұйымдар үшін - әкетілетін тауарларға меншік құқығын не тараптардың тауарларды сатып алу туралы ниетін растайтын құжатың электрондық көшірмесін;<br>10) әкетілетін аффинирленген бағалы металдардың нормативтік техникалық және (немесе) техникалық құжаттарының электрондық көшірмесін;<br>11) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы металдардағы активтерді |

| | | |
|---|---|---|
| | | толықтыру үшін тазартылған алтынды сатып алуға басым құқықты іске асырудан бас тартқанын растайтын құжаттың электрондық көшірмесін ( аффинирленген алтынды әкеткен жағдайда) ұсынады.<br>Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі | 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы мәліметтердің ( мәліметтердің) дәл еместігін анықтаудан;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуінен;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуынан;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы;<br>5) ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растамауы және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді пайдалануға келісім бермеуі бойынша мемлекеттік |

| | | |
|---|---|---|
| | | қызметтерді көрсетуден бас тартады. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы электронды түрде алуға мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызметтерді көрсету орындарының мекенжайы мына жерде орналастырылған:<br>1) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсы –www.gov.kz/memleket/entities/mps , "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;<br>2) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсы – www.gov.kz/memleket/entities/ comprom, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;<br>3) www.egov.kz, www.elicense.kz порталы.<br>Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін бірыңғай байланыс орталығының телефон нөмірі: 1414, 8-800-080-7777. |

"Экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдары қоспағанда), бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде мемлекеттік бақылау және құнын бағалау актісін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
3-қосымша
нысан

**[УО атауы [УО атауы**
**(мемлекеттік тілде)] орыс тілінде)]**

**[УО деректемелері [УО деректемелері**
**Мемлекеттік тілде] орыс тілде**
**Нөмірі] [Берілген күні]**
**ДӘЛЕЛДІ БАС ТАРТУ**
**[Уәкілетті органның атауы] [күні] [өтініш нөмірі] Сіздің өтінішіңізді қарап келесіні хабарлайды:**
**[Хат мәтіні]**
**[Қол қоюшының лауазымы] [қол қоюшының тегі, аты, әкесінің**
**аты (болған кезде)]**

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

"Экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдары қоспағанда), бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде мемлекеттік бақылау және құнын бағалау актісін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
4-қосымша
нысан

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | | |
|---|---|---|
| ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРЛІГІ | | МИНИСТЕРСТВО ПРОМЫШЛЕННОСТИ И СТРОИТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН |
| "Өнеркәсіп комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі | | Республиканское государственное учреждение "Комитет промышленности" |
| Астана қ. | | г. Астана |

**Экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды ( олардан жасалған бұйымдары қоспағанда), бағалы металдардың сынықтарын және**

**қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкету кезінде мемлекеттік бақылау және құнын бағалау АКТІСІ**

| | | |
|---|---|---|
| Күні | Астана қ. | № ____ |

Уәкілетті ұйымның бағалы металдарды, асыл тастарды және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету тәртібі туралы қағидаларға сәйкес:

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, "Өнеркәсіп комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі,

____________________________________, _____________________________

(Басшының лауазымы) (Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда))

Астана қ. тауар партиясын қараусыз мемлекеттік бақылау жүргізді.

Тауар: ____________________________, ______________________________

(тауар атауы) (тауар коды)

Өтініш беруші ұсынған: ________________________________________

Келісімшарт бойынша шығару үшін: ___________ ________________ жыл.

Өтініш берушінің бағалы металдармен операцияларды жүзеге асыру құқығын растайтын құжат: ______________

Берілді: ____________________________________________________________

Келісімшартқа және ілеспе құжаттарға сәйкес:

тауардың массасы ____________,

Саны: ______________________________

Тауардың келісімшарт құны: __________________________________.

Құрамында бағалы металдар бар әкелінетін тауарларды мемлекеттік бақылау нәтижелері:

Мемлекеттік бақылау өтініш беруші өкілінің қатысуымен жүргізілді:

______________________________, ______________________________

жеке тұлға № _ ________, берілді ___________ бастап __________

№ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ сенімхат ____________________ жауап:

Шығыс өтінімі: №__________,____________бастап ______________ж.

Мемлекеттік бақылаушы:________________ __________________________

(Басшының лауазымы) (басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда))

Басшының лауазымы Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2020 жылғы 5 мамырдағы
№ 269 бұйрығына
4-қосымша

## "Экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды ( олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда), бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде мемлекеттік бақылау актісін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда), бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде мемлекеттік бақылау актісін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда), бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде мемлекеттік бақылау актісін беру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2023 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда), бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде мемлекеттік бақылау актісін беруді (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар мемлекеттік тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті;

2) электрондық сыртқы сауда шартының (келісімшарт) көшірмесін, оған қосымшалар және (немесе) толықтырулар, ал сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда - Тараптардың ниеттерін растайтын өзге де құжаттың электрондық көшірмесін;

3) тауарлардың толық ассортиментін, саны мен массасын көрсете отырып, құрамында бағалы металдар бар тауарларға арналған электрондық ерекшеліктің көшірмесін;

4) зергерлік бұйымдар мен шеберлердің алтын және күміс істерін, басқа да бұйымдар мен олардың бөліктерін қоспағанда, тауардағы бағалы металдардың құрамы туралы электрондық құжаттың көшірмесін;

5) қызмет түріне электрондық хабарламаның көшірмесін жолдайды.

4. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін,

көрсетілетін қызметті берушінің, ақпарат объектілерінің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі нысанында осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Құжаттарды қараудың және Мемлекеттік қызмет нәтижесін берудің жалпы мерзімі 3 (үш) жұмыс күнін құрайды, ал осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген жағдайда – бақылау сынақтарының нәтижелерін алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде ресімделеді және өтініш берушіге беріледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады және орындаушы тағайындалатын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Орындаушы көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және оларда көрсетілген мәліметтерді "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" Еуразиялық экономикалық комиссияның 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімінің 14-қосымшасына, "Бағалы металдар мен асыл тастар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 29 қазандағы № 375 (тіркелген нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35297) бұйрығымен бекітілген Бағалы металдарды және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидаларына сәйкес тексереді.Ұсынылған құжаттардың толық болмау немесе мемлекеттік қызметті көрсету

үшін қажетті мәліметтердің болмау фактісі анықталған жағдайда осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және оны көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жібереді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда жауапты орындаушы ұсынылған құжаттардың толықтығын және мәліметтерді тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін - осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда) бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде мемлекеттік бақылау актісін (бұдан әрі – акт) береді.

Әкелінуге ұсынылған бағалы металдардың және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлардың құрамындағы бағалы металдар туралы құжаттардың келісімшарт талаптарына және бағалы металдардың құрамы мен қамтылуы бойынша нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкессіздігі анықталған кезде, уәкілетті орган өтінімді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығына (филиалына) (бұдан әрі – Орталық) әкетілетін бағалы металдардың және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлардың сынамасына бақылау сынақтарын жүзеге асыру үшін жібереді. Осы мақсатта өтініш беруші әкелінетін бағалы металдардың және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлардың әрбір партиясын әкелу кезінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 294 (тіркелген нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13636) бұйрығымен бекітілген сынамаларды іріктеу туралы актіні ресімдеу қағидаларында және нысанда сынамаларды іріктеу туралы актіні жасай отырып, бір сынама алады. Уәкілетті органның жазбаша нұсқауы бойынша өтініш беруші алдын ала жасалған шартқа сәйкес Орталыққа бақылау сынағы үшін іріктелген сынаманы және сынаманы іріктеу туралы актіні жеткізеді. Бағалы металдардың құрамы мен қамтылуы бойынша бақылау сынақтары орталыққа сынама тапсырылған сәттен бастап күнтізбелік 15 күннен аспайтын мерзімде өткізіледі. Сынамаларды бақылау сынақтарының нәтижелері аяқталғаннан кейін Орталық алынған нәтижелерді уәкілетті органға 2 жұмыс күні ішінде жібереді.

Сынамалардың бақылау сынақтарының нәтижелері бойынша шарт талаптарына және бағалы металдардың құрамы мен қамтылуы жөніндегі нормативтік техникалық

құжаттамаға ұсынылған әкелінетін тауарлардың құрамындағы бағалы металдардың құрамы туралы құжаттардың сәйкессіздігі анықталса мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер осы Қағидаларға 2-қосымшада жазылған.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі және сақталады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

**3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға береді.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей шағым жасалған лауазымды адам оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағымды қарайтын органға, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы шешім қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын іс-әрекет жасаса, шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда ( шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

12. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда), бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде мемлекеттік бақылау актісін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
1-қосымша
нысан

____________________________
(мемлекеттік органның толық атауы)

____________________________
(өтініш берушінің толық атауы)

Мекен-жайы ____________
(индекс, қала, аудан, облыс,
көше, үйдің №, телефон)
Өтініш берушінің
деректемелері_______
(БСН, ЖСН)

Күні: Нөмірі:

**Өтініш**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сізден _______________ жылғы №____ келісімшарт негізінде Қазақстан Республикасынан әкелетін аффинирленген бағалы металдарға, бағалы металдарға, бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарына мемлекеттік бақылау жүргізуді сұраймын.

Тауардың атауы __________________________________

СЭҚ ТН коды____________________________________

Тауардың салмағы граммен/данамен: ________________________________

Келісімшарт құны:_____________________________

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

"Экспорты лицензияның
негізінде (лицензиясыз) жүзеге
асырылатын бағалы металдарды
(олардан жасалған бұйымдарды
қоспағанда), бағалы
металдардың сынықтарын
және қалдықтарын Еуразиялық
экономикалық одаққа кірмейтін
елдерден Қазақстан
Республикасының аумағына
әкелу кезінде мемлекеттік
бақылау актісін беру"

мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| Экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда), бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде мемлекеттік бақылау актісін беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті. |
| 2 | Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері | "Электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал). |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 3 (үш) жұмыс күні, осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген жағдайда – бақылау сынақтарының нәтижелерін алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде ресімделеді және өтініш берушіге беріледі. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық түрде (толықтай автоматтандырылған). |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Экспорты лицензияның негізінде ( лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда ), аффинирленген бағалы металдардың, бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезіндегі мемлекеттік бақылау актісі не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) |

| | | |
|---|---|---|
| | | қол қойылған электрондық құжат нысанында жолданады және сақталады. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін. |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;<br>2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметі алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініштің электрондық көшірмесін;<br>2) сыртқы сауда шартының ( келісімшарттың), оған қосымшаның және (немесе) толықтырудың мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріндегі, ал сыртқы сауда шарты ( келісімшарты) болмаған жағдайда – тараптардың ниеттерін растайтын өзге құжаттың мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріндегі электрондық көшірмесін. |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | Егер сыртқы сауда шарты ( келісімшарты) немесе тараптардың ниеттерін растайтын өзге құжаттың мемлекеттік және/немесе орыс тілінде жоқ болса, онда шарттың (келісімшарттың) немесе тараптардың ниеттерін растайтын өзге құжаттың көшірмесіне өтініш беруші бекіткен және растаған мемлекеттік және/немесе орыс тілінде аудармасын (өтініш берушінің лауазымы және күні, қолы мен мөрі (болған кезде)) қоса беріледі;<br>3) толық ассортиментін (атауы, таңбалануы, артикулы, партия нөмірі), саны мен массасын көрсете отырып, аффинерлеген бағалы металдарға, бағалы металдарға, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларға арналған ерекшеліктің электрондық көшірмесін;<br>4) шеберлердің зергерлік бұйымдары мен алтын және күміс бұйымдарын, басқа да бұйымдар мен олардың бөліктерін қоспағанда, тауардағы бағалы металдардың құрамы туралы құжаттың электрондық көшірмесін;<br>5) аффинирленген бағалы металдарды, бағалы металдар мен асыл тастарды, зергерлік және басқа да бұйымдарды, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламасының электрондық көшірмесін ұсынады.<br>Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады. |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі | 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы мәліметтердің (мәліметтердің) дәл еместігін анықтаудан;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуінен;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуынан;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы;<br>5) ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растамауы және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді пайдалануға келісім бермеуі бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы электронды түрде алуға мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызметтерді көрсету орындарының мекенжайлары мына жерде орналастырылған:<br>1) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсы – www.gov.kz/memleket/entities/mps, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 2) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсы – www.gov.kz/memleket/entities/comprom, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;<br>3) www.egov.kz, www.elicense.kz порталы.<br>Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін бірыңғай байланыс орталығының телефон нөмірі: 1414, 8-800-080-7777. |

"Экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда), бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде мемлекеттік бақылау актісін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
3-қосымша

нысан

**[УО атауы [УО атауы**
**(мемлекеттік тілде)] орыс тілінде)]**

**[УО деректемелері [УО деректемелері**
**Мемлекеттік тілде] орыс тілде**
**Нөмірі] [Берілген күні]**

**ДӘЛЕЛДІ БАС ТАРТУ**

**[Уәкілетті органның атауы] [күні] [өтініш нөмірі] Сіздің өтінішіңізді қарап келесіні хабарлайды:**

**[Хат мәтіні]**

**[Қол қоюшының лауазымы] [қол қоюшының тегі, аты, әкесінің**
**аты (болған кезде)]**

**Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.**

"Экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды (олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда), бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде мемлекеттік бақылау актісін беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
4-қосымша
нысан

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | | |
|---|---|---|
| ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРЛІГІ | | МИНИСТЕРСТВО ПРОМЫШЛЕННОСТИ И СТРОИТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН |
| "Өнеркәсіп комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі | | Республиканское государственное учреждение "Комитет промышленности" |
| **Астана қ.** | | **г. Астана** |

**Экспорты лицензияның негізінде (лицензиясыз) жүзеге асырылатын бағалы металдарды ( олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда), аффинирленген бағалы металдардың, бағалы металдардың сынықтарын және қалдықтарын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде мемлекеттік бақылау АКТІСІ**

| | | |
|---|---|---|
| Күні | Астана қ. | № __ |

Уәкілетті ұйымның бағалы металдарды, асыл тастарды және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету тәртібі туралы ережеге сәйкес:

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Өнеркәсіп комитеті республикалық мемлекеттік мекемесі, _________________, ___________

(Басшының лауазымы) (Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)) Астана қ. тауар партиясын қараусыз мемлекеттік бақылау жүргізді.

Тауар: ___________________________, ___________________________
(тауар атауы) (тауар коды)
Өтініш беруші ұсынған: _______________________________________
Келісімшарт бойынша әкелу үшін:___________ _______________
Келісімшартқа және ілеспе құжаттарға сәйкес:
тауардың массасы ______________,
тауардың құны ___________ валюта _______________________________ .
Құрамында бағалы металдар бар әкелінетін тауарларды мемлекеттік бақылау нәтижелері:
Тауар одан әрі кедендік ресімдеу үшін ұсынылады мемлекеттік бақылау өтініш беруші өкілінің қатысуымен жүргізілді: _________, ____________
жеке куәлік № ____________, берілген ________________ __________ ж.,
№ сенімхат ______ жылғы ___________________
Өтінім шығ.: № __________________ жылғы ________________ .
Мемлекеттік бақылаушы: _______________________, ________________
(Басшының лауазымы) (Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда))
Ұсынылған құжаттардың дұрыстығын растаймын, мемлекеттік бақылау жүргізуге наразылығым жоқ.
Басшының лауазымы Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2020 жылғы 5 мамырдағы
№ 269 бұйрығына
5-қосымша

## "Минералды шикізатты кедендік аумақтан тыс қайта өңдеудің кедендік рәсімімен орналастыруға қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Минералдық шикізатты кедендік аумақтан тыс қайта өңдеудің кедендік рәсімімен орналастыруға қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және минералдық шикізатты кедендік аумақтан тыс қайта өңдеудің кедендік рәсімімен орналастыруға қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2023 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Минералдық шикізатты кедендік аумақтан тыс қайта өңдеудің кедендік рәсімімен орналастыруға қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) мемлекеттік көрсетілетін қызмет болып табылады және осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар мемлекеттік тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) электрондық шарт (келісімшарт) көшірмесі, ал шарт (келісімшарт) болмаған жағдайда - тараптардың ниетін растайтын электрондық өзге де құжат көшірмесі;

3) минералдық шикізатты иелену заңдылығын куәландыратын электрондық құжаттардың көшірмесін жолдайды.

4. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету

нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі нысанында осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Құжаттарды қараудың және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін берудің жалпы мерзімі 3 (үш) жұмыс күнін құрайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады және орындаушы тағайындалатын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Орындаушы көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және оларда көрсетілген мәліметтерді Еуразиялық экономикалық комиссияның 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" шешімінің 4-қосымшасына сәйкес тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау немесе мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтердің болмау фактісі анықталған жағдайда осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және оны көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жібереді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда жауапты орындаушы ұсынылған құжаттардың толықтығын және мәліметтерді тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін - осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес минералдық шикізатты кедендік аумақтан тыс қайта өңдеудің кедендік рәсімімен орналастыруға қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру (бұдан әрі - қорытынды) береді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін - осы Қағидаларға 3 немесе 4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша қорытындыны немесе Мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды береді және оны көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жібереді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер осы Қағидаларға 2-қосымшада жазылған.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі және сақталады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

**3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды көрсетілетін қызметті берушіге, шешіміне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға береді.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей шағым жасалған лауазымды адам оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағымды қарайтын органға, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы шешім қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын іс-әрекет жасаса, шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту

себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда ( шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

12. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 10.03.2022 № 130 (бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Минералдық шикізатты
кедендік аумақтан тыс қайта
өңдеудің кедендік рәсімімен
орналастыруға қорытынды
(рұқсат беру құжатын)
беру" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
1-қосымша

Кімге: [УО атауы (мемлекеттік тілде)]

Кімнен: [заңды тұлғаның
лауазымы, Т.А.Ә. мекенжайы
(индекс, облыс, қала, аудан,
көше, үйдің №, Пәтер №,
телефон) реквизиттер [БИН заявителя]

**Минералды шикізатты кеден аумағынан тыс жерде қайта өңдеудің кедендік рәсімімен орналастыруға қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруге өтініш 20__ жылғы "__"_________ Минералды шикізатты кеден аумағынан тыс жерде қайта өңдеудің кедендік рәсімімен орналастыруға қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруді сұраймын**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| Өтініш иесі туралы мәлімет | |
|---|---|
| жеке тұлға үшін - өтініш иесінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тұрғылықты жері, азаматтығы, өтініш иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер | [Ұйым атауы/өтініш берушінің Т.А.Ә.] [өтініш берушінің ЖСН] [мекенжайы] [жеке куәліктің нөмірі] [Жеке куәліктің берілген күні] [жеке куәліктің берілген органы] [ЖК ретінде мемлекеттік тіркеу туралы құжаттың нөмірі] [[ЖК ретінде мемлекеттік тіркеу туралы құжаттың берілген күні |
| заңды тұлғалар үшін-өтініш берушінің атауы, орналасқан жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер (сауда тізілімінен үзінді немесе өтініш беруші шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын басқа да заңдастырылған құжат) | Ұйымның атауы / өтініш берушінің Т.А.Ә.] [өтініш берушінің ЖСН] [мекенжайы] [Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің сериясы] [мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі] [тіркеу күні (қайта)] [ басшының аты-жөні] |
| Өкіл туралы деректер | [Өкілдің аты-жөні] [жеке куәліктің нөмірі] [өкілдің жеке куәлігінің берілген күні] [өкілдің жеке куәлігін берген орган] [сенімхаттың нөмірі] [сенімхаттың күні]] |
| Келісім-шарт туралы деректер | [Номер контракта] [Дата заключения контракта] |

Тауар туралы деректер

| **Тауар атауы** | **Тауар кодын енгізу түрі** | **Кодты қолмен енгізу** | **Өлшем бірлігі** | **Тауар саны** | **Тауардың салмағы** |
|---|---|---|---|---|---|
| Тауар атауы | Тауар кодын енгізу түрі | Кодты қолмен енгізу | Өлшем бірлігі | Тауар саны | Тауардың салмағы |

Қоса берілетін құжаттардың тізбесі: ______________________________________

(құжаттардың атауы және парақ саны)

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Өтініш беруші: __________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" __________

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

"Минералдық шикізатты кедендік аумақтан тыс қайта өңдеудің кедендік рәсімімен орналастыруға қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 10.12.2024 № 416 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | | |
|---|---|---|
| "Минералдық шикізатты кедендік аумақтан тыс қайта өңдеудің кедендік рәсімімен орналастыруға қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі | | |
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті |
| 2 | Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілі | "Электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал). |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 3 (үш) жұмыс күні. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық түрде (толықтай автоматтандырылған). |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Кедендік аумақтан тыс қайта өңдеу кедендік рәсімімен минералды шикізатты орналастыруға қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында жолданады және сақталады. |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.<br>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініштің электрондық көшірмесін ;<br>2) электрондық шарт (келісімшарт ) көшірмесі, ал шарт (келісімшарт) болмаған жағдайда - тараптардың ниетін растайтын электрондық өзге де құжат көшірмесін;<br>3) минералдық шикізатты иелену заңдылығын куәландыратын электрондық құжаттардың көшірмесін ұсынады.<br>Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі | 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы мәліметтердің ( мәліметтердің) дәл еместігін анықтаудан;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуінен;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуынан;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 5) ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растамауы және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді пайдалануға келісім бермеуі бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы электронды түрде алуға мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызметтерді көрсету орындарының мекенжайлары мына жерде орналастырылған:<br>1) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсы – www.gov.kz/memleket/entities/mps, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;<br>2) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсы – www.gov.kz/memleket/entities/comprom, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;<br>3) www.egov.kz, www.elicense.kz порталы.<br>Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін бірыңғай байланыс орталығының телефон нөмірі: 1414, 8-800-080-7777. |

"Минералдық шикізатты
кедендік аумақтан тыс қайта
өңдеудің кедендік рәсімімен
орналастыруға қорытынды
(рұқсат беру құжатын)
беру" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
3-қосымша

нысан

**[Мем.тілде УО атауы] [Орыс тілде УО атауы]**
**[Мем.тілде УО [Орыс тілде УО**
**деректемелері] деректемелері]**

**[Нөмірі] [Берілген күні]**

**ДӘЛЕЛДІ БАС ТАРТУ**

**[Уәкілетті органның атауы], Сіздің [күні] [өтініш нөмірі] өтінішіңізді қарап келесіні хабарлайды.**

**[Хат мәтіні]**

**Қол қоюшының лауазымы] [Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты**
**(бар болса)]**

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

"Минералдық шикізатты
кедендік аумақтан тыс қайта
өңдеудің кедендік рәсімімен
орналастыруға қорытынды
(рұқсат беру құжатын)
беру" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
4-қосымша
нысан

**УО атауы [УО атауы**
**мемлекеттік тілде] орыс тілде]**

**[УО деректемелері мемлекеттік тілде] [УО деректемелері орыс тілде]**

Минералдық шикізатты кеден аумағынан тыс жерде қайта өңдеудің кедендік рәсімімен орналастыруға қорытынды (рұқсат құжаты)

№ ____/_____201 /_________

____________________________________________________________________________

(қорытындыны беретін мемлекеттік органның атауы)

____________________________________________________________________________

(заңды тұлғалар үшін толық ресми атауы және заңды мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке тұлғалар үшін тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда) (бұдан әрі-Т.А.Ә.), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, тұрғылықты жері)

____________________________________________________________________________

Берілді Өткізу түрі

____________________________________________________________________________

(өткізу түрі)

____________________________________________________________________________

(бірыңғай тізбе бөлімі) (Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды (бұдан әрі - ЕЭАҚ СЭҚ ТН коды *)

Тауар атауы Саны Өлшем бірлігі

Алушы/жіберуші

__________________________________________________________________________________ (атауы, заңды мекенжайы, елі)
_________________________________________________________________________
Межелі ел/жіберуші ел ______________________________________________________
Әкелу (әкету) мақсаты ______________________________________________________
Уақытша әкелу (әкету) мерзімі:_______________________________________________
Негізі: _________________________________________________________________
Қосымша ақпарат __________________________________________________________
Транзит елі ______________________________________________________________
(аумақ бойынша транзит)
Қорытынды________________ қолданыста болады
Берілген күні________
**[Қол қоюшының лауазымы] [Қол қоюшының Т.А.Ә.]**

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК